

ЖАЛҒЫЗ ҚҰДАЙ — ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ

Еммаус кітабы

ЕММАУС КУРСТАРЫ

Киелі кітапты хат арқылы сырттай оқып-үйренуге арналған Еммаус курстарына енді Орталық Азияда да жазылуға болады. Киелі кітапты оқып-білу үшін Еммаус курстарын қолданып жатқан миллиондаған адамдардың қатарына сіз де қосылыңыз.

ШОЛУ

- ✦ Еммаус курстарының негізі 1942 жылы Канадада қаланды.
- ✦ Олар әлемнің 105 елінде, 125 тілде оқылады.
- ✦ Дүние жүзі бойынша 17 миллионнан астам оқулық таратылды.

Бұл курстарды әр түрлі жолдармен қолдануға болады:

- ✦ жеке басы оқып-үйрену
- ✦ топпен оқып-үйрену
- ✦ үй қауымында оқып-үйрену
- ✦ бір оқушы-бір тәлімгер болып оқып-үйрену
- ✦ түрмедегі топтарда оқып-үйрену
- ✦ және т.б.

Еммаус курстарына әр түрлі адамдар жазыла алады, мысалы:

- ✦ студенттер
- ✦ жұмыскерлер
- ✦ кәсіби мамандар
- ✦ үй шаруасындағы әйелдер
- ✦ зейнеткерлер

- ▲ жастар
- ▲ және т.б.

Әрбір оқулыққа тексеру дәптері қоса беріледі. Оқулық он екі сабақ пен тексеру жұмысынан тұрады. Әрбір тексеру дәптерінде оқылған тақырып бойынша жауап берілуге тиісті 12 сұрақ бар.

Жауаптар қажетінше түзетіліп, оқып-үйренушіге кері қайтарылады.

Мына мекенжаймен байланысыңыз:

Шығыс сәулесі

«Еммаус»

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы 050031, а/ж 68

www.emmaus-ca.net

e-mail: emmaus.ca@eemail.org

ЖАЛҒЫЗ ҚҰДАЙ

Тек жалғыз ғана шынайы Құдай бар. Басқа құдайлардың бәрі жалған. «Құдай жоқ», - деп мәлімдеу ақымақтық. Құдайдың бар екеніне көз жеткізу үшін адамға өзін қоршаған ортаға қараса-ақ болғаны. Әлемнің өзі Жаратушы мен жаратылғандардың бар екеніне куәлік береді. Мәңгілік Суретші әрі керемет Құрылысшының бар екенін Ол жаратқан өсімдіктер мен хайуанаттар әлемінің көптеген жетік формалары дәлелдейді. Күн де, ай да, жұлдыздар да өздерінің Жаратушысы - Құдай туралы куәлік беріп тұр. «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты».

Өзінің жарату жұмысының *бірінші* күні Құдай: «Жарық пайда болсын!» - деді. Сол сәттен-ақ жарықтың алғашқы сәулелері айналадағы түнекті жарып өтіп жарқыратты. «Құдай жарыққа қарап, оның жақсы екенін көрді. Ол жарықты қара түнектен бөліп, жарықты күн, ал қара түнекті түн деп атады».

Екінші күні Құдай (айнала тұманданып тұрған) суды ортасынан бөліп, аспанды жаратты.

Үшінші күні Құдай: «Аспан астындағы су бір жерге жиналып, құрлық көрініп тұратын болсын!» деп бұйырды.

Бұл солай болды да. Құдай құрлықты жер, ал жиналған суды теңіздер деп атады. Құдай жасағанына қарап, жақсы екенін көрді. Сол күні-ақ Құдай жерге өсімдіктер мен ағаштарды өсіріп шығаруды бұйырды. Құдай жасағандарына қарап, жақсы екенін көрді.

Төртінші күні Құдай күнді, айды және сансыз жұлдыздарды жаратты. Жарқыраған екі үлкен аспан денесінің үлкенірегі күндізге, ал кішірегі түнге билік жүргізетін болды. Барлық аспан денелері шынайы әрі тірі Құдайдың сөзі бойынша жоқтан пайда болды.

Бесінші күні Құдай теңіздегі балықтарды, аспандағы құстарды жаратты. Алып балықтар (киттер) мен итбалықтар, ірі және майда балықтар, қырандар мен торғайлар - аспанда қалықтап ұшатын құстардың барлығын Жаратушы жаратты.

Алтыншы күні Құдай әркілы аңдар мен малдарды және бауырымен жорғалаушыларды жаратты. Аюлар, арыстандар, пілдер, құрт-құмырсқалар мен шыбын-шіркейлер ЖАЛҒЫЗ шынайы Құдайдың сөзі арқылы пайда болды.

Құдайдың ең соңғы жаратылысы адам болды. Құдай оны топырақтан жасап, мұрнына тіршілік лебін үрледі, сонда ол тірі жан болып шыға келді.

Тек шынайы Құдай ғана осындай үлкен әрі керемет әдемі әлемді жарата алды. Тек ЖАЛҒЫЗ ғана шынайы Құдай бар. Ол бүкіл әлемді Жаратушы. Бірақ осы шынайы Құдай қандай?

Бұл сұраққа Құдайдың өзіндік қасиеттерін қарастыра отырып, жауап берген ең жақсысы. Солардың кейбіреулері мыналар.

1. Құдай бір уақытта барлық жерде бар

Құдай ешкімнің де Өзінен жасырына алмайтынын айтады. Ол бір уақытта барлық жерде бола алады. Дәуіт пайғамбар мынадай сөздер айтты:

Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын?

Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын?

... Не теңіздің ар жағына қонсам да,

Сол жерде де мені қолың жетелеп,

Қүдіретті қолың ұстайды демеп ...

... Түнек те жасырмайды Сенен.

«Әлде адам құпия жерге тығылып, Менің көзімнен тасалана алады деп ойлайсыңдар ма? Аспан мен жердің барлық жерінде Мен бармын, солай емес пе?», - дейді Иеміз.

2. Құдай бәрін біледі

Ол барлық ойды біледі, сондай-ақ жүрегіміздің түкпірінде жасырынғандар да Оған мәлім. «Ойларымды біліп, ұғасың алыстан. ... Сөз шықпай тұрып-ақ менің аузымнан, оны толық білесің, уа, Жаратқан!» - деген Дәуіт пайғамбар. Біз адамдардан кейбір нәрселерді жасыра аламыз, бірақ Құдайдан еш нәрсені жасыра алмайсың.

3. Құдай барлығына билік жүргізеді

Құдай әлемді жаратып қана қоймай, онда болып жатқанның бәрін бақылап, Өзі басқарады. Күн де, жауын да - барлығы Оның билігінде.

4. Құдай - мәңгі

Оның бастауы ешқашан болған жоқ, соңы да болмайды. Құдай әрдайым болған және әрдайым бола береді.

Жаратылмай-ақ жер мен бүкіл әлем,
Таулар жаратылмас бұрын бар боп келген,
Мәңгі тірі болатын Құдайсың Сен!

5. Құдай - әділетті

Құдайдың істегенінің бәрі де дұрыс әрі әділ
Уа, Құдай Ие, бүкіл әлемнің Билеушісі,
Сенің істерің керемет те ұлы!
О, халықтардың мәңгілік Патшасы,
Сенің жолдарың әділ де шынайы!

6. Құдай - киелі

«Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі!» Құдай киелі болған және солай бола береді де. Бұл Құдайдың өзіндік қасиеттерінің бірі. Құдай киелі болғандықтан күнәні жазалауға тиісті. Біз жасайтын зұлымдық — күнә, ал Құдай күнәні жек көреді. Ол күнәні жек көріп, ізгілікті жақсы көреді.

7. Құдай - мейірімді

Дәуіт пайғамбар былай деген:

Уа, Ием, Өзіңе сиынғанның барлығына

Кешірімді де ізгісің, шексіз рақымдысың да.

Құдай біз істеген зұлымдықтарды жек көрсе де, Ол қайырымдылық пен мейірімділікке толы және бізді сүйеді, бірақ біздің күнәларымызды жек көреді. Ол біздің әділетті әрі Өзіне ашық болғанымызды көруді қалайды. Бәрінен бұрын, Ол үлкенді-кішілі біздің бәріміздің де Өзін сүйгенімізді қалайды. Сіз Құдайды сүйесіз бе? Ол сізді сүйеді, бірақ сіздің күнәларыңызды жек көреді.

ЕКІНШІ ТАРАУ

АДАМ АТА ЖӘНЕ ХАУА АНА

Жер бетінде өмір сүрген алғашқы еркек пен әйел тәндік туылмаған. Адам ата мен Хауа ананы есептегенде, жер бетінде тіршілік ететін әрбір адам осы дүниеге жас нәресте болып туылды. Адам ата мен Хауа ана екеуі ерекше жаратылды. Оларды Құдайдың Өзі жаратты.

Құдай Өзінің жарату жұмысының алтыншы күнінде жердегі топырақтан алып, содан адамды қалыптастырып жасады. Ол оның бетіне «тіршілік лебін» үрледі. Осылайша алғашқы адам пайда болды. Құдай оны Адам деп атады. Адам атаны тікелей Құдайдың Өзі жаратты.

«Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас» деп, Құдай адамға өзіне сай көмекші жасап беруді шешті. Сонда Құдай Ие адамды терең ұйқыға батырып, ұйықтап

жатқанда оның бір қабырғасын алып, соның орнын етімен жауып тастады. Құдай Ие осы қабырғадан әйелді жасап шығарды. Адам әйеліне Хауа (яғни өмір сүруші) деген ат қойды.

Құдай керемет бақ отырғызып, еркек пен әйелді сонда орналастырды да, оларға: «Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар! Оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандағы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға билік жүргізіңдер!» деді. Құдай Ие барлық жануарлар мен құстарды Адам атаға алып келді. «Сонымен адам малдар мен аңдардың және аспандағы құстардың барлық түрлеріне де өз аттарын берді».

Адам ата мен Хауа ана тұрған бақта көптеген керемет ағаштар болды. Құдай адамға бұйрық беріп: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің» деді. Адам ата мен оның әйелі бақта өмір сүруге және ондағы барлық жемістерді жеуге рұқсат алды. Олар тыйым салынған тек бір ғана ағаштың жемісін жесе, Құдайдың бұйрығын бұзатын еді.

Өтірік пен жалғандықтың әрі барлық зұдымдықтың бастауы шайтан Хауа ананы азғырып: «Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта сендер осы жемісті жеген кезде көздерің ашылады», деді. «Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді. Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді. Әйел қасындағы күйеуіне де содан берді, ол да жеді». Олар өз еріктері бойынша Құдайдың бұйрығын бұзып, Оны тыңдамады.

Сол ағаштың жемісін жегеннен кейін көздері ашылып, Адам ата мен Хауа ана өздерінің жалаңаш екендерін көрді. Содан олар жалаңаш тәндерін жабу

үшін інжір ағашының жапырақтарын біріктіріп тігіп, алжапқыштар жасап алды. Олар тыйым салынған жемісті жеген кезде Құдайдың бұйрығын бұзып, күнә жасады. Құдайға мойынсұнбаған осы істерімен олар күнәкарларға айналды.

Құдай Ие әйелден: «Сенің бұлай істегенің не?», деп сұрады.

Әйел: «Мені жылан азғырды, содан мен жедім», деді.

Сонда Құдай Ие жыланға үкім шығарып: «..Әйел екеуінді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйелдің ұрпағы басынды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың», деді.

Құдай Ие Адам мен Хауаның жалаңаш денелерін жабу үшін хайуандардың терілерінен киім жасап, оларды киіндірді. Сол үшін жануар өлтіріліп, оның терісі қолданылды. Адам мен Хауа бұдан былай жалаңаш жүрмеулері үшін олардың күнәсіна бола жазықсыз жануар өлуге тиіс болды. Құдай оларды мойынсұнбағандары үшін пейіш бағынан қуды. Адам ата жейтін нанын табу үшін енді маңдай терін төгіп, топырақты өңдейтін болды.

Бір адамның мойынсұнбауы арқылы барлық адамдар күнәкар болды. «Бұдан шығатын қорытынды мынау: бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады». Біздің бәріміз Адам атаның ұрпағымыз. Адам сияқты біз де Құдайға мойынсұнбадық. Бәріміз де Оның еркін бұздық. «Барлығы күнә жасады.» Адам ата сияқты бізге де киім керек. Адам мен Хауаны киіндіру үшін бір жануар өлтірілді. Дәл сол сияқты біздің күнәларымызды жабу үшін де біреу құрбан болу керек.

ҚАБЫЛ ЖӘНЕ ӘБІЛ

Бұл дүниеге келген ең алғашқы нәресте ұл бала болды. Оның ата-анасы Адам мен Хауа оған Қабыл деген есім берді. Біраз уақыттан кейін осы алғашқы отбасында тағы бір ұл бала дүниеге келді. Оның атын Әбіл деп қойды.

Ағалы-інілі өсе келе әрқайсысы әртүрлі жұмыстарға бейімделді. Әбіл әкесінің қойларын баққанды ұнатты. Ол қойларын шүйгін жайылымда бағып, таза су ішкізетін. Сондай-ақ, ол отарын жабайы аңдардан қорғады. Ал Қабылды хайуандар қызықтырмады. Ол жерді өңдеп, көкөністер мен жеміс-жидектер өсірді.

Әртүрлі жұмыспен айналысса да, олардың екеуі де ЖАЛҒЫЗ шынайы Құдайды мойындап, Оған ғана бас иді. Құдайдың ақ батасына кенеліп, Оған ұнау үшін олар Құдайға арнап құрбандық шалмақ болып шешті. Сонда олар әртүрлі құрбандықтарды таңдап алды. Қабыл Құдайға арнап жерден жинап алған өнімінен тарту ұсынды. Қабылдың құрбандығы оның өз еңбегінің жемісі екені анық еді. Ол жерді өңдеп, тұқым сеуіп, піскен жемістерді жинады. Ол өзінің әкелген осы құрбандығы арқылы Құдайға: «Қара, бұл менің өз еңбегімнің жемісі», - деп тұрғандай еді.

Ал Әбілдің құрбандығы ағасы Қабылдың құрбандығынан мүлдем өзгеше болды. Ол қойларының алғашқы туылған тоқтыларының біреуін әкеліп, құрбандыққа шалып, Құдайға сый етіп ұсынды. Құдай Әбілдің құрбандығына ризашылықпен қарап, қабылдады. Ал Қабылдікін қабылдамады, өйткені ол Құдайға ұнамады.

Әбіл Құдайға сенім артты. Қабыл болса өзінің сіңірген еңбегіне сенді. Қабылдың жүрегінде жасырынған күнә, Құдайдың екі құрбандыққа деген

көзқарасына көрсеткен, оның қарсы әрекетінен көрінді. Қабылдың бойында қызғаныштың оты лап етті, өйткені Құдай Әбілдің әкелген құрбандық тоқтысын қабылдап, мұның сыйынан бас тартты. Содан ол Әбілге кек сақтап, оны өлтіруді ойлады. Бір күні олар далада жұмыс істеп жүргенде, Қабыл інісіне бас салып, оны ұрып өлтірді. Бұл адамзат тарихындағы ең алғашқы кісі өлтіру болды, ал Әбіл шынайы сенімі үшін азап шеккендердің ең алғашқысы болды.

Құдай Қабылға қатты ашуланды. Әбілді өлтіргені үшін Құдай оны қатты жазалауға мәжбүр болды. Ол Қабылға істеген зұлымдығы үшін бүкіл өмірінің соңына дейін қарғыс берді.

Қабыл да, Әбіл де ЖАЛҒЫЗ Құдайға сенді; екеуі де шынайы Құдайға құлшылық етті.

Бірақ ЖАЛҒЫЗ Құдайдың бар екеніне сенудің бір өзі жеткілікті емес екені сияқты, шынайы Құдайға табынуды қалау да өздігінен жеткілікті емес. Құдайдың Әбілді қабылдағанындай бізді де қабылдауы үшін, біз Оған ұнамды құрбандық әкеліп, Оған бас иіп, табынуымыз қажет. Құдайға қандай сый әкелуге байланысты Қабылда таңдау болды. Ол Құдайға өз күшін бейнелейтін жердің өнімін әкелуді шешті. Бұл таңдау сәтсіз болды.

Сізге де Құдайға әкелетін құрбандығыңызға қатысты таңдау жасауға тура келеді. Сіз Қабыл сияқты Құдайға өз еңбегіңіздің жемісін ұсына аласыз. Бірақ Құдай мұндай сыйды қабылдай алмайды. Сіз Әбіл сияқты Құдайға ұнамды құрбандықты ұсына аласыз. Құдай өзіңізді қабылдау үшін сіз дұрыс таңдау жасауға тиіссіз.

НҰХ ПАЙҒАМБАР

Нұх Қабыл мен Әбілден жүздеген жылдардан кейін өмір сүрді. Осы жүздеген жылдардың ішінде жер бетінде сан мыңдаған адамдар дүниеге келді. Жер бетінде өмір сүрген адамдар шынайы Құдайдан теріс бұрылды. Нұх өмірге келгенде жер беті өте жаман күйде еді. Адамдар азғындыққа салынып, ақыл-ойға сыймайтын ауыр күнәларға батты.

«Құдай жер бетінде адамдар жасаған зұлымдықтардың тым зор екенін көрді: олардың жүрек қалаулары бойынша істегендерінің бәрі де жауыздыққа толы еді». «Дүниенің әбден бұзылғанына Құдай көзін жеткізді, себебі жер бетіндегі барлық адамдар азғын өмір сүрді. Сонда Ол Нұхқа үн қатып, былай деді: Мен күллі тіршілік иелерінің өмір сүруін тоқтатамын. Жер беті солардың кесірінен зұлымдыққа толды, сол себепті оларды жермен қоса құртып жіберемін».

Құдай жер бетіне төніп келе жатқан апаттан өзі және отбасы аман қалулары үшін Нұхқа үлкен кеме жасауға бұйырды. Нұх кемені жасап жатып болатын апат жайлы адамдарға хабарлады. Ол халыққа міндетті түрде болатын Құдайдың соты туралы ескертті. Құдай әділ болғандықтан, күнәларына бола халықты құрпақшы екенін айтты. Құдай өздерін кешіріп, рақымын түсіру үшін, адамдар күнәларына өкініп, Құдайға бет бұруға тиіс болды.

Алайда халық Нұхтың айтқандары мен ескертулеріне құлақ аспады. Қайта олар Нұхты мазақтап, келеке етті.

Кеме құрылысының бітетін уақыты да жетті. «Сонан кейін Құдай Нұхқа былай деді: Үй ішіңмен бірге кемеге кір! Себебі Мен сенің замандастарыңның

арасында әділ екенінді көрдім».

Құдай барлық жануарлар мен құстарды жойып жібергісі келмеді, сондықтан Ол Нұхқа барлық жануарлар мен құстардың өмірлерін жалғастыру үшін олардың әрқайсысынан жұптап, бір ұрғашы, бір еркек етіп, кемеге алуға бұйырды. Нұхтың өзі, әйелі, үш ұлы әйелдерімен кемеге кіргеннен кейін, Құдай олардың арттарынан кеменің есігін жауып тастады. Нұх, оның отбасы және барлық жануарлар кеме ішінде болған кезде, Нұхтың ескертуін елемей, оны тыңдамағандардың бәрі есіктің арғы жағында қалды.

Құдайдың жазалау күні келді. Көктен жаңбыр нөсерлеп жауды. Бүкіл жер бетін су басып қалды. Адамдар биік таулар мен шыңдарға шығып құтылмақ болды, бірақ «су жер бетінде көбейіп, көтерілген үстіне көтеріле берді. Тіпті аспан астындағы барлық биік таулар да судың астында қалды. Сонда жер бетінде қыбырлап жүрген күллі тірі мақұлықтар: құстар, малдар, аңдар, жер бетінде қаптап жүрген жәндіктер түгелімен және барлық адамзат та суға батып кетті».

Құдай неліктен адамдарға осылай істеді? Олар өз күнәларының кесірінен суға батты. Тек кемеге тығылғандар ғана Құдайдың осы жер бетіне жіберген азапты өлімінен аман қалды. Нұх өзінің отбасымен бірге кеменің ішінен пана тапты. Ал күнәға белшесінен батып, Құдайдың ескертуін тыңдамағандар жер бетінен жойылып кетті.

Құдай Өзіне қарсы күнә жасағандарды жазалауға тиіс. Барлық адамдар Құдайдың алдында күнәкарлар. Сіз де егер Нұх сияқты паналайтын жер тауып алмасаңыз, Құдайға қарсы күнә жасағандықтан, Оның сотына тартыласыз. Құдай Өзінің сотынан құтылып кете алуыңыз үшін сізге паналайтын жерді қамтамасыз етті. Сіз құтқарылып, Құдайдың сотынан құтылып кеткіңіз келе ме?

ЫБЫРАЙЫМ ПАЙҒАМБАР

Ыбырайым өзінің Құдайға деген орасан зор сенімі арқылы танымал болды. Бір күні Құдай оған елін, туған-туысқандарын тастап, басқа бір жаңа орынға көшуге бұйырды. Ыбырайым Құдайдың қайда апаратынын білмесе де үйін тастап, Құдайға мойынсұнды. Құдай Ыбырайымға сөзін арнап былай деді:

«Мен сенен үлкен халықты өрбітіп таратамын,
Сені жарылқаймын әрі атыңды шығарамын.

Сен арқылы ақ батам басқаларға да жететін болады.

Саған батасын бергендерді Мен де жарылқаймын,
Ал кім сені жамандап қарғаса, соны Мен қарғаймын.

Сен арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанады».

Ыбырайымның Ысмағұл және Ысқақ атты екі ұлы болды. Бір күні Ыбырайым Құдайдың алдында жерге бас ұра тағзым етіп: «Ысмағұл Сенің көз алдында тірі жүргей», — деп өтінді. Ыбырайымда Ысмағұл мен оның ұрпақтары Құдайдың рақымына ие болса деген үлкен тілек болды.

Құдай оған: «Ал сенің Ысмағұл туралы айтқаныңды да орындаймын. Оны жарылқап, үрім-бұтағын көбейтемін. Ысмағұлдан он екі рубасы шығатын болады. Мен одан бір үлкен халықты өрбітіп таратамын», — деп жауап берді.

Құдай Ысмағұлдан тараған әрбір ұрпақтың Құдайға ұнамды өмір сүріп, Оны сүйіп, тек Оған ғана қызмет еткенін қалайды. Әйтсе де Ол Ысмағұлдың балаларының күнәға белшесіне дейін батқандарының

бірде-біреуін қабылдай алмайды. Олар күнәларынан тазаруға тиіс. «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан, оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады».

Осы сабақтың басында біз Ыбырайымды орасан зор сенімі арқылы танымал болған деп айтып өттік. Сірә, Ыбырайымның сенімінің ең қатты сыналған шағы Құдайдың оған ұлдарының біреуін құрбандыққа шалуға бұйырған кезі болған шығар.

Бір күні Құдай оны сынамақ болып: «Ыбырайым!» деп шақырды.

Ол: «Тыңдап тұрмын», деп жауап берді.

Сонда Құдай оған: «Сен өзіңнің жақсы көретін жалғыз ұлың Ысқақты ертіп алып, Мория жеріне бар. Оны сол жерде Мен саған көрсететін тауға апарып, құрбандыққа шалып, өртеп жібер!» деп бұйырды.

Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп, жастау екі қызметшісін және ұлы Ысқақты өзімен бірге ертіп алды. ... Үшінші күн дегенде Ыбырайым айналасына көз жүгіртіп, сол жерді алыстан көрді.

Сонда ол қызметшілеріне: «Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуміз сол жерге өрлеп барып, Құдайға ғибадат етеміз, содан кейін сендерге қайтып келеміз», деді.

Ыбырайым баласымен Құдай көрсеткен жерге қарай жүріп бара жатқанда, Ысқақ әкесінен: «Әке, бізде шоқ пен отын бар, ал құрбандыққа шалынып, өртелетін қой қайда?» деп сұрады.

Ыбырайым ұлына: «Ұлым, Құдай құрбандыққа шалынып, өртелуге қажетті қойды Өзі береді», деді.

Олар Құдай белгілеген жерге келгенде, Ыбырайым құрбандық өртейтін орын жасап, оның үстіне отындық ағаштарды қаластырды. Мұнан соң Ысқақты байлап, осы ағаштардың үстіне жатқызды. Содан кейін Ыбырайым қолын созып пышағын алып, ұлын бауыздамақ болды.

Ал сол сәтте Құдайдың Періштесі оған көктен дауыстап: «Ыбырайым, Ыбырайым!» деп тіл қатты.

Ол: «Тындап тұрмын», деп жауап берді.

Періште: «Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! Құдай былай дейді: енді сенің Өзімді терең қастерлейтіңіңе көзім жетті», деді.

Ыбырайым төңірегіне көз тастағанда, қалың бұтаның ішінде мүйізінен шырмалып қалған қошқарды көрді. Ол барып қошқарды әкелді де, оны ұлының орнына құрбандыққа шалып, өртеп жіберді. Осы қошқар Ыбырайымның ұлының орнына құрбандыққа шалынып, оның қанының орнына қошқардың қаны төгілді. Кінәратсыз қошқар басқаның күнәсі үшін өлтірілді.

Сіз күнә жасадыңыз, ал Құдай күнәні жек көреді. Ол күнәні жазалайды. Егер күнәларыңыздан арылмасаңыз, Құдай сізді Өзіне қабылдай алмайды. Алайда сіз мұны өз күшіңізбен істей алмайтыныңызды түсінесіз. Сіз үшін мұны біреудің істеуі керек.

Ыбырайымның ұлының орнына қошқардың өлгеніндей, еш күнәсі жоқ біреу сіздің орныңызды басуға тиіс. Ал егер оның өзі күнәкар болса, онда ол сізді күнәдан арылтып, тазарта алмайды. Егер сізде осы талапқа сай келетін біреу бар болса, (яғни сол адам сіз үшін өлсе,) онда Құдай сізді қабылдайды.

Сіз үшін мұны кімнің істей алатынын білгіңіз келе ме? Сабақты ары қарай талқылап оқи беріңіз, сонда сіздің орныңызды басуға Кімнің қабілетті екенін және Кімнің соны істегісі келетінін білетін боласыз.

МҰСА ПАЙҒАМБАР

Мұса қай кезде болмасын жер бетінде өмір сүрген ең ғажайып жетекші көсемдердің бірі болды. Ол миллионнан астам адамға қырық жыл бойы иен далада жетекшілік етті. Біздің заманымызда осыншама көп халықты иен далада бастап жүру ақымақтық болар еді. Бірақ Мұса мүмкін емес болып көрінетін осы тапсырманы табысты орындап шықты.

Енді осы ұлы көсемнің өміріне көз жіберейік.

Мұса Мысырда дүниеге келді. Оның ата-анасы мысырлық ұлы перғауынның кезінде өмір сүрген құлдықтағы ираилдітер болатын. Осы перғауын ираилдік құлдардан туылған ер балаларды дереу өлтіру туралы бұйрық шығарды.

Мұса дүниеге келген кезде нәрестенің өмірі үшін қорыққан анасы оны үш ай бойы үйінде жасырын ұстады. Алайда бұдан әрі жасыра алмайтындықтан, әйел қамыстан себет тоқып, оны қара шайырмен бітеп, Мұсаны соның ішіне жатқызады. Содан соң себетті өзеннің жағасында өсіп тұрған құрақтың арасына апарып, суға қоя берді. Сол мезгілде перғауынның қызы шомылу үшін өзенге келіп судың бетінде қалықтап жүрген себетті байқап қалды. Ол себеттің бетін ашып, нәресте Мұсаны көрді. Перғауынның қызы оған емізетін күтуші әйелді тауып беріп, оған кейінірек сәбиді сарайға алып келуді бұйырды.

Мұса өсе келе сол заманғы Мысырдағы ең үздік білімді меңгерді. Ол ұшқыр ойымен ерекшеленді. Мұса перғауынның сарайында өмір сүргенімен өзінің мысырлық емес екенін білді. Бір күні ол серуендеп жүріп, бір мысырлықтың ираилдікқұлды ұрып-соғып жатқанын байқай қалады. Сонда Мұсаны ашу-ыза кернейді, өйткені

ол да исаилдін болатын. «Мұса жан-жағына қарап, ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен соң, мысырлықты ұрып өлтіреді». Болған жайды перғауын да естіп, Мұсаны өлтіртпек болады. Мұса шөл далаға қашып құтылып, сонда қырық жыл бойы өмір сүреді.

Бір күні малдарын бағып жүрген Мұса ерекше лаулап жанып тұрған тікенді бұтаны байқады. Бұта от болып жалындап тұрғанымен өртеніп кетпеді. Мұса қарау үшін жақынырақ келгенде, Жаратқан Ие бұта арасынан оған: «Мұса! Мұса!» деп дауыстады.

Ол: «Тыңдап тұрмын», деп жауап берді.

Құдай: «Мұнда жақындама, аяқкіміңді шеш! Сен тұрған осы жер киелі», деп бұйырды. Құдай Мұсаға өз халқының Мысырдағы қинала айқайлаған дауыстарын естігенін және оларды құтқармақшы екенін айтты. Құдай Мұсаға: «Мен сені перғауынға жіберемін; Сен халқым Исаилді Мысырдан бастап алып шығасың», деп бұйырды.

Ал Мұса Құдайға: «Перғауынға барып, исаилдіктерді Мысырдан алып шығатындай соншама мен кіммін?» деп жауап қайырды.

Құдай оған: «Мен саған жар боламын», деді.

Мұса Құдайға мойынсұнып перғауынға барып, одан құлдарды босатуын сұрады. Ал перғауын Мұсаны келекелеп, исаилдіктердің Мысырда қалатынын айтты.

Сонда Жаратқан Ие Мысырға апат жіберді, өйткені перғауын қырсығып исаилдіктерді Мысырдан жібермеді. Елдегі бүкіл су қанға айналды. Құжынаған бақалар, масалар, шыбын-шіркейлер және шегірткелер жер бетіне қаптап кетті. Малдар қырыла бастады. Адамдар денелеріне шыққан іріңді жаралардан азап шегіп, қиналды. Жер бетін қара түнек басты. Бұрын-соңды болып көрмеген бұршақ жауып, елді күйретті. Құдай осының бәрін Мысырға жіберді, өйткені перғауын исаилдін құлдарды жібермей отырған еді.

Мұса перғауынға тағы да барып, оған: «Өзін тыңдамағаның үшін, Құдай сенің халқыңа тағы бір апат жібереді. Түн ортасында әрбір отбасындағы тұңғыш бала өледі», деді.

Мұса исаилдіктерге үйлерінің есік жақтаулары мен маңдайшаларына құрбандық тоқтысының қанынан жағу керектігін айтты. Тек сонда ғана олар қауіпсіз болады. Құдай қан жағылған үйге тимейді. Ал қан жағылмаған барлық үйдегі тұңғыш ұл өлді. Құдай: «Сонда қанды көріп, соқпай өте шығамын», деді. Сол түні Мысыр жерінде көптеген балалар өлді. Тек есіктерінің жақтаулары мен маңдайшаларына қан жаққан исаилдіктер ғана Құдайдың жазасынан құтылды.

Барлық адамды өлім жазасы күтіп тұр. «Күнәнің беретіні (мәңгілік) өлім». Күнәкар болғандықтан, барлық адам өлуге және мәңгілікті Құдайдан алыс өткізуге тиіс. Бірақ Құдай Өзінің сотынан құтқарып алатын жолды қарастырып қойған. Құдай: «қанды көріп, соқпай өте шығамын», деп айта алуы үшін сіз, исаилдіктер құлдар істегендей, жүрегіңізге әрі өміріңізге «қан жағуыңыз» керек.

Оны қалай істеу керек және бұл үшін қандай қан қажет? Әрі қарай оқуыңызды жалғастырыңыз, сонда сіз осы сұрақтарға жауап аласыз.

ДӘУІТ ПАЙҒАМБАР

Дәуіт пайғамбар ұлы әуенші болған, ол ән-күй жазғанды қатты ұнатқан. Сонымен қатар ол жетігенде ойнап, өзі шығарған әндерді айтуды да жақсы көрген. Жазған кейбір өлеңдері оның өз өмірі мен жан дүниесіндегі толғаныстарды көрсетеді.

Бір күні Дәуіт әкесінің отарындағы қойларды бағып жүріп, айлы түндегі аспанда жарқырай жанған жұлдыздарға көз тастай отырып мына өлең жолдарын жазды:

Уа, Жаратқан Тәңір Иеміз біздің,
Бүкіл дүниеде әйгілі Өзіңсің
Сондай айбынды да даңқты есімің!
Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа,
Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға
Назар аударған әрбір уақытымда
Мынадай сұрақтар туады ойымда:
Өзің ескеретіндей адам сонша кім,
Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?

Дәуіт пайғамбарды Құдайдың керемет жаратылысы әрқашан таңғалдыратын. Ол Құдайдың орасан зор әлемді Жаратушы бола тұрып, қалайша адамға қызығушылық танытатынын түсіне алмайтын. Ай мен жұлдыздарды Жаратушы Құдайдың адамның барлық ісіне көңіл бөлетініне Дәуіт таңданатын.

Келесі бір жағдайда Дәуіт өзінің Ұлы Бағушысы жайлы жазды. Ол Ұлы Бағушысының оған БАҚЫТТЫ ӨМІРДІ сыйлағанын айтады.

«Құдайым — менің Бағушым,
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.
Ол мені жасыл жайлауға жаяды,
Тұнық суға жетелеп апарады.
Ием жаныма күш дарытады.

Есімі «Қасиетті» деп аталады,
Содан артамын Оған сенімімді:
Ол мені тура жолмен жетелейді».

Осы әнінде ол БАҚЫТТЫ ӨЛІМ жайлы да айтады.

«Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
Себебі Өзің менің қасымдасың,
Жігер береді сойылың мен таяғың».

Ол осы әнін өзінің БАҚЫТТЫ МӘҢГІЛІК жайлы үмітімен аяқтайды.

«Жақсылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Құдайдың үйінде
Мен қала беремін мәңгілік».

Дәуіттің алдынан таңғажайып сурет ашылды. Ол жарылқанған өмір сүріп, жарылқанған өлімге ие болатынын біліп, өлімнен кейінгі жарылқанған өмірді күтті. Сіз болашағыңыздан осындай суретті көре аласыз ба? Егер сіз Дәуітке ұқсап Құдайға бет бұрып, Одан өз күнәларыңыз үшін кешірім сұрасаңыз, бұл солай болуы да мүмкін. Дәуіт пайғамбар: «Мені әділетсіздігімнен арылтып, күнәларымнан түгел тазарта гөр!» деп жалбарынған.

Дәуіт өзінің жырларында масқара өлім алдында қинала азап шеккен Адам жайлы, Оны келеке-мазақ етіп, балағаттап, қатыгездікпен қорлайтыны жайлы көп айтады. Ол былай дейді:

«Көргендердің бәрі келекелейді».
«Сүйектерім буынынан қалды босап».
«Басымдағы шашымнан көп дұшпандарым,

Себепсіз мені жек көреді жауларым».
«Өлім толқындары жан-жақтан құрсады»
«Ажалдың шынжыры мені матады».
«Зор қайғы-қасірет тым меңдеп алды».
«Сүйектерімді шыға алам санап».
«Жау жамылғымды бөлісіп алады,
Киімім үшін жеребе салады»
«Ал мен адам емес, құрт іспетті қуатсызбын,
Жұрт ұрсып, елемейді мені халқым».
«Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады».
«Аяқ-қолымды түйреп жаралады!»
«Мазақтары жүрегімді күйретіп, әлсізбін».
«Шөлдеп тұрғанымда сірке суын ішкізді».
Дәуіт осы сөздерді кім туралы айтты? Оның өзі

жайлы айтпағаны анық, өйткені бұл оның басынан өткен жоқ.

Дәуіт біздің күнәларымыз үшін өлетін Біреу жайлы пайғамбарлық сөз айтты.

Осы кітапты ары қарай оқып, талқылай беріңіз, сонда сіз күнәларыңыздың кешірілуі үшін Кімнің өлгені жайлы көбірек білетін боласыз.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

МӘСІХ ИСА

Алғашқы жеті сабақтан біз көптеген маңызды шындықтармен таныстық. Сол сабақтарға қайта оралып, кейбіреулерін қысқаша шолып өтейікші.

Бірінші тарау — ЖАЛҒЫЗ ҚҰДАЙ

Бұл сабақта біз шынайы Жаратушы Құдайдың

күллі әлем мен осы дүниені жаратқанын білдік. Сондай-ақ, біз Құдайдың кейбір негізгі қасиеттерін қарастырдық. Ол мейірімді Құдай, сондықтан Оның бізге жаны ашиды.

Екінші тарау — АДАМ АТА МЕН ХАУА АНА

Екінші тарауда біз Адам ата мен Хауа ананың Құдайға мойынсұнбай күнә жасағанын білдік. Біз мейірімді Құдайдың олардың жалаңаш денелерін жабу үшін қалай киіммен қамтамасыз еткенін қарастырдық. Сол үшін кінәсіз жануар өлтірілді.

Үшінші тарау — ҚАБЫЛ ЖӘНЕ ӘБІЛ

Бұл сабақ Құдайдың бізді қабылдауы үшін Оған лайықты құрбандық ұсынуға тиіс екенімізді үйретеді. Ол Қабылдың құрбандығындай (оның өз істері) болмауы керек, өйткені Құдай ондай құрбандықты қабылдамайды. Ол Әбілдің құрбандығындай (құрбандық қанның төгілуі) болуы керек. «Қан төгілмей, кешірім болмайды».

Төртінші тарау — НҰХ ПАЙҒАМБАР

Нұх үшін Құдайдың жазасынан паналайтын орын кеме болды. Біздің де күнәміз үшін болатын Құдайдың жазасынан паналайтын орнымыз болуға тиіс.

Бесінші тарау — ЫБЫРАЙЫМ ПАЙҒАМБАР

Ыбырайым туралы оқығанда, біз бір қошқардың Ыбырайымның ұлының орнын басқанын көрдік. Бізде де орнымызды басатын біреу болуға тиіс.

Алтыншы тарау — МҰСА ПАЙҒАМБАР

Бұл сабақта біз Мысырда құлдықта болған Исраил халқының өлім жазасынан қалай аман қалғанын білдік. Олар өз үйлерінің есік жақтаулары мен маңдайшаларына қан жақты. Құдайдың сотынан құтылу үшін біз де өз орнымызға Біреудің өлгеніне мұқтажбыз.

Жетінші тарау — ДӘУІТ ПАЙҒАМБАР

Дәуіт пайғамбар өзінің күнәсі үшін азап шегетін Біреу жайлы айтып кеткен.

Егер Құдайдың бізді Өзіне қабылдағанын қаласақ, онда төмендегі барлық шарттарды орындай алатын Біреуді табуға тиістіміз.

Ол тұлға Адам ата мен Хауа ананың үстерін жабу үшін сойылған мал терісінен жасалған киім сияқты жамылғы болуға тиіс.

Ол тұлға Әбілдің Құдайға ұсынғанындай құрбандық болуға тиіс.

Ол тұлға Нұх пайғамбар мен оның отбасына пана болған кемедей, бізге де пана болуға тиіс.

Ол тұлға Ыбырайымның ұлының орнын басқан қошқар сияқты Орынбасар құрбандық болуға тиіс.

Ол тұлға Мұсаның кезінде құлдықта жүрген Исраилхалқы іспетті қан арқылы өлім жазасынан құтқарыла алуымыз үшін бізге де қан жағуға тиіс.

Ол тұлға Дәуіт пайғамбардың алдын ала айтып кеткен барлық пайғамбарлық сөздеріне дәлме-дәл келіп, келеке мазаққа қалып, балағат сөздерді естіп, аяқ-қолдарына шеге қағылып, айқыш ағаштағы өлімді бастан кешуге тиіс.

Бірақ осындай шарттарға кім дәл келе алады? Осы қойылған барлық талаптарға сәйкес келетін бір-ақ тұлға бар ма?

Ол тұлға — Мәсіх Иса.

Осы талаптарға сай келетін басқа біреуді табу мүмкін емес. Құдай былай дейді: «Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!».

Мәсіх Иса осы айтылған пайғамбарлық сөздерді қашан орындады? Қашан Ол бізді жамылғыдай жауып, орнымызды басты? Қашан Ол бізді қанымен жағуды қамтамасыз етті? Өзі өмір сүрген уақытта ма? Жоқ. Бұл

Ол өмір сүрген кезде емес, Ол өлген уақытта жүзеге асты. Өзінің рухын Әкесіне тапсырған кезде Ол жамылғы әрі құрбандық болды. Өлген кезде Ол паналайтын кеме, орынбасар құрбандық болды. Ол Өз қанын өзгелерге жағылуы үшін төкті. Тек сол кезде ғана Ол Адам ата, Әбіл, Нұх, Ыбырайым, Мұса мен Дәуіттің алдын ала айтып кеткендерінің бәрін орындады.

«Сол секілді Мәсіх бір рет көптеген адамдардың күнәларын өз мойнына алып құрбан болды». Құдайдың рухани Ұлы — Мәсіхтің Иса төгілген киелі қаны барлық күнәдан тазартады.

Оның өлімі жеңіліс болған жоқ, қайта даңқты, салтанатты жеңіс болды. Ол салтанатты болды, өйткені адамдарға Құдайға баратын жол ашты. Мәсіхтің Иса өлімінсіз Құдай сізді қабылдай алмайды. Құдай сізден Мәсіхтің Иса өлімін қабылдауды талап етеді, әйтпесе сіз мәңгілікке өлесіз.

Мәсіхтің Иса қызметі Оның өлімімен аяқталған жоқ. Құдай Оны өлімнен тірілтіп алды. Бұл тарихта болған ең керемет және таңғаларлық оқиға болды. Мәсіх Иса өлімнен қайта тіріліп, Құдаймен бірге болу үшін көкке көтеріліп кетті.

Енді сіз мынаны шешіп алыңыз: Мәсіхті Иса өзіңіздің Орынбасарыңыз ретінде қабылдағыңыз келе ме? Егер солай болса, Құдайға былай деп сиыныңыз: «Құдайым, мен күнәкармын, мені Өзіңе қабылдауыңды сұраймын. Саған апаратын жалғыз жол — Мәсіхке Исаға шын жүректен сеніп, Оны Орынбасар ретінде қабылдау екенін мен білемін. Оның мен үшін өліп, менің барлық күнәм үшін құн төлегенін білемін».

Егер сіз осы сөздерді шын жүректен айтсаңыз, Құдай сізді қабылдайды. Сіз осы қадамды жасағаннан кейін, бойыңызда әділ де кіршіксіз таза өмір сүруге деген құштарлық пайда болады. Бұған сізге Құдай көмектесетін болады.

Ал егер Мәсіхті Исаны қабылдасаңыз, мәңгілікке өлесіз.

Сіз осы жайлы көбірек білгіңіз келе ме? Осы кітапты ары қарай талқылап оқи беріңіз!

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

КҮНӘ

Күнә сіздің нағыз қас жауыңыз. Ол сіздің Құдайға келіп, көктегі мәңгілік өмірге ие болуыңызға қандай да болмасын кедергілер жасап бағады. Ол сізді мәңгілік өлімге итермелейді. Егер күнәларыңыз кешірілмеген болса, онда сіз жалғыз шынайы Құдайдан мәңгілік ажырағансыз. «Адамның күнәларын жалғыз Құдайдан басқа кім кешіре алады?!»

«Біз сендерге Құдай күнәларыңды осы Адамның (Мәсіх Иса) құрбандығы арқылы кешіретінін хабарлаймыз».

Күнә деген не?

Күнә — бұл жай ғана бір қателік немесе жаман қылық емес. Күнә — бұл Құдайдың кемелді талабына сай келуге қабілетсіздік. Егер біз өзіміздің барлық сөздеріміз бен істерімізде осы талапқа сай келмесек, онда біздің күнәға батқанымыз. Ал бұған адамдардың бәрі бірдей түгел кінәлі.

Құдай: «Күнә — бұл заңсыздық», дейді. Біз Құдай заңын бұзғанда, күнәға батамыз. Құдайға қарсы наразылық білдіргенде күнә жасаймыз. Әрбір жаман сөзіміз немесе ойымыз арқылы Оған ұнамсыз іс-әрекет жасап, күнәға батамыз.

Канша адам күнә жасады?

Дәуіт пайғамбар:

«Мен күнәкар болып дүниеге келдім,

Құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім», — деген.

Дәуіт пайғамбар да күнәкар болды.

Құдай: «Бәрі де күнә жасады», — дейді. Күнәға жақындамаған тек бір ғана Тұлға бар. Ол — Мәсіх Иса. Ол жайында былай жазылған: «Ол ешқандай күнә жасаған да емес, аузынан бірде-бір өтірік шыққан да емес». Құдай біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық». «Ал Мәсіхтің күнәларымызды алып тастауға келгенін де, Оның ешқандай күнә жасамағанын да білесіңдер. Иеміз Мәсіхтен Исадан басқа барлық адамдар — күнәкарлар. Адам атадан бастап жаңа туған нәрестеге дейін барлық адамзат иесі Құдай белгілеген талаптарға сай келе алмады.

Күнә үшін берілетін жаза қандай?

«Күнәнің беретіні — (мәңгілік) өлім». Адам алғаш күнә жасағанда рухани өліп Құдайдан алшақтады. Ол сондай-ақ тәндік өлімнің билігіне де тап болды. Әйтсе де ол бірден өлмегенімен, соңында өлімге апаратын үкімге ұшырады. Бұл біз үшін де күшінде қалады. Күнәкар болғандықтан біз лайықты жазамызды аламыз. Ал сол жаза — өлім. Бұл біздің Құдайдан ажырап, отты көлде күнәларымыз үшін азап шегетінімізді білдіреді. Өлім — күнәкар адамның мүлдем жоқ болып кететінін білдірмейді, қайта адам өзінің күнәлары үшін мәңгілік қиналып, азап шегетін болады.

Мәңгілік азапқа түспеуіміз үшін біз құтқарылатын жолды табуға тиіспіз.

Мен өз күнәларымнан қалай құтқарыла аламын?

Мәсіх Исадан жеке Құтқарушым әрі Құдайым болуын өтіну арқылы мен күнәларымнан бостандық ала аламын. Иеміз Мәсіх Иса «айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды».

Енді мына келесі сәттерді қарастырайық.

1. Біз бәріміз де күнәкарлармыз. «Шындығында жер бетінде әрдайым жақсылық жасап, ешбір күнә жасамайтын әділ адам жоқ».

2. Құдай — киелі және күнәға қарай алмайды. «Ал Сенің көзің зұлымдыққа қарауға тым пәк, зорлыққа қарап тұра алмайсың».

3. Егер біздің күнәларымыз кешірілмесе, біз Құдайдан мәңгі алыстатыламыз.

«Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін.

Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!»

4. Мәсіх Иса күнәлардың кешірілуі үшін жанын қиды. «Мәсіх ... күнәкар біздер үшін жанын қиды!»

5. Мәсіхті Исаны Құтқарушымыз ретінде қабылдасақ, Құдай бізге кешірім сыйлайтынын айтады. «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады».

Құдай Өзінің алдына апаратын тек ЖАЛҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ғана бар екенін айтады. Ол — Мәсіх Исаға деген сенім жолы. Сіз күнәларыңыздың кешірілгенін қалайсыз ба? Құдайдан өзіңізді кешіруін өтініңіз және Оған Иеміз Мәсіх Исаға сенетініңізді айтыңыз. МҰНЫ ТАП ҚАЗІР ІСТЕҢІЗ!

МИНАЖАТ ЖӘНЕ ИГІ ИСТЕР

Минажат — адамға танымал ең ұлы күш. Ол арқылы біз мүмкін емес деген кедергілерді жоямыз. Минажат арқылы физикалық мәнісінде мүмкін емес деген мемлекеттер мен құрлықтардың шекараларын кесіп өтеміз. Бірақ біз минажат етпес бұрын белгілі бір талаптарды білуге тиіспіз.

1. Минажат тиісті бір Тұлғаға бағышталуы қажет.

Тастан жасалған жалған тәңірсымақтар сіздің минажатыңызды естуге қабілетсіз, ал ағаштан жасалған құдайлар оны түсіне алмайды, өйткені олар пұттар. Минажаттарды естіп, оларға жауап беретін жалғыз Құдай — бұл тірі әрі шынайы Құдай. Ол Иеміз Мәсіх Исаны адамдарды құтқару үшін жіберген Құдай. Міне, осы Құдайға сіз өз минажаттарыңызды бағыттауыңыз ҚАЖЕТ.

2. Минажат шын жүректен болу керек.

Құдайға минажат еткен кезде Одан байлық сұрау жөнді емес. Бұл Құдайдың еркіне сай келмеуі мүмкін. Құдай мынадай минажаттарды естиді:

- а) «Уа, Құдай! Мендей күнәкарға рақым ете гөр».
- б) «Уа, Құдай, өз өмірімдегі Сенің еркінді түсінуіме көмектесе гөр».
- в) «Уа, Құдай Ием, маған таза өмір сүруім арқылы басқа адамдарға Сен туралы куәлік болуыма көмектесе гөр».

Құдай басқа да көптеген минажаттарыңызды естіп, оларға жауап береді. Ол сіздің барлық қиындықтарыңызды Өзіне әкелгеніңізді қалайды, сізді жетелеп, өмірдегі әрбір қадамыңызды бағыттағысы келеді.

3. Мінажат Құдайдың еркіне сай болуы керек.

«Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз». Құдай Мәсіх Исаны қабылдағандардың мінажаттарын естіп, оларға жауап береді. Мүмкін Ол біздің мінажатарымызға бірден жауап бермес, әрі біздің қалауларымызбен әрдайым келіспес те. Бірақ Ол біз үшін ненің жақсы екенін білгендіктен қажетінше жауап береді.

4. Мінажатты Мәсіх Исаның атынан айту керек.

Құдай мен адамның арасындағы арада жүруші — жалғыз Мәсіх Иса. Ол: «... Әкеден Менің атымнан не сұрасандар, Ол соны береді», — деді.

Сіз мінажаттарыңызға жауап алғыңыз келе ме? Ең бастысы ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН: Сіз тиісті Тұлғаға, шын жүректен, Оның еркіне сай, Исаның Мәсіх атынан мінажат етіп сиынуыңыз қажет.

ИГІ ІСТЕР

Игі істер әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Жер бетінде өмір сүріп жатқан әрбір адам қандай да бір жақсылық жасаған. Кейбіреулері ауру адамдарға көмектесіп, кедейлерге садақа берген. Басқалар жауларына қайырымдылық көрсеткен. Осының бәрі игі істер. Алайда осы игі істердің ешбіреуі сізге Құдайға баруға жол аша алмайды. Құдай біздің барлық игі істеріміз, барлық «әділдігіміз кірлеген киім сияқты» екенін айтады. Біздің Құдайға алып келе алатын ең жақсы нәрсеміз Оның көз алдында сасыған әрі кір киімдей ғана.

Сіз күні-түні мінажат етіп, игі істер жасасаңыз да тозақта мәңгі өлуіңіз мүмкін. Құдай бізді мінажаттарымыз

бен игі істеріміз арқылы емес, сеніміміз, ТЕК ҚАНА Мәсіх Иса деген шынайы сеніміміз арқылы ғана қабылдайды.

Мәсіх Исаны қабылдағаннан кейін игі істер жасау өте маңызды. Біз Иеміз Мәсіх Исаға өмірімізді басқаруын сұрағанда, Ол үшін өмір сүріп, Оның еркін орындауға тиіспіз.

Біз кешірімді өз еңбегіміздің жемісі ретінде ала алмаймыз, олай болған жағдайда біз менмендікке салынып, одан да бетер күнәға батар едік. Құдай біздің өркөкіректеніп кеткенімізді қаламайды. Бүгін Ол қабыл алуға дайын барлық адамға сыйын ұсынады. Сол сый адамға мінажат еткені, игі істер жасағаны үшін емес, тек Мәсіх Исаны қабылдап, кешірімге ие болуы үшін беріледі. «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын».

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

БОЛАШАҚ ОҚИҒАЛАР

Әрбір адам дерлік болашақта не болатынын білгісі келеді. Осы бағытта көптеген адамдар болашақты болжауға тырысады, алайда болашақтың бүге-шүгесі тек Құдайға ғана мәлім. Дегенмен, Ол бізге де болашақтың пердесін ашып берді.

Мәсіхтің екінші рет келуі

Құдай бізге болашақта болатын бір оқиғаны: Мәсіх Исаның өз халқын алып кетуге қайта келетінін алдын ала айтты.

Оған сенімін артқан әрбір адам Онымен бірге мәңгілікте қуанышқа кенелетін болады. Ал Одан бас тартқан әркім мәңгілікті Одан алыста өткізеді. Бізге Мәсіх Исаның қай уақытта келетіні белгісіз. Егер де Ол бүгін келсе, сіз соған дайынсыз ба? Осы ақиқат орындалғаннан кейін Оған сенім арту кеш болады. Мәсіх Исаға Ол жер бетіне қайта келмей тұрып сену керек. Осыны дәл ҚАЗІР неге істемеске?

Ұлы ақ тақ

Болашақта іске асатын тағы бір оқиға ұлы ақ тақтың алдында болатын сот. Мәсіх Исаны Құтқарушы ретінде қабылдамаған әркім осы ұлы соттың алдына барады. Сол жерде сотталады, өйткені олар Иеміз Мәсіх Исаны қабылдағылары келмеді немесе Одан бас тартты. Ақ тақтың алдына сотқа барған әркім тозаққа тасталады. Сіз сол сотта боласыз ба? Иә, егер Мәсіх Исаны өзіңіздің Құтқарушыңыз ретінде сеніммен қабылдасаңыз, сіз де сот алдында боласыз.

Тозақ

Тозақ бұл өте жаман жер. Біз Киелі жазбадан сол жерге түскен адамдардың жалғыздық, ауыртпалық, қайғы-қасірет пен шөл азабын бастарынан кешетінін білеміз. Тозақ — бұл от пен түнектің орны. Сол жерге түскендерге қайта шығар жол жоқ. Олар сол жерде мәңгілікке қалады. «Олардың азабының түтіні мәңгілік шығып жатпақ. *Оларға* күні-түні тыным болмайды».

«Алайда, қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер және бүкіл өтірікшілердің алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ».

Осы азапқа толы тозақтан қалай құтылуға болады? Өлгеннен кейін сізге Мәсіх Исаны Ием деп қабылдауға мүмкіндік болмайды. Ұлы ақ тақтың алдына сотқа

барғаныңызда бір нәрсені өзгерту өте кеш болады. Мұны істеуге ең қолайлы уақыт — бүгін, дәл қазір. Егер сіз қазір Иеміз Мәсіх Исаға мойынсұнып сеніміңізді артсаңыз, тозақтағы сұмдық тағдырдан құтылатыныңызға еш шүбә жоқ. «Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!»

Құдай Патшалығы

Мәсіх Исаны өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдаған әркім Құдай Патшалығында мәңгі жасайтын болады. Құдай Патшалығы немесе пейіш бағы бұл жан тыныштығы мен бейбіт өмірдің қуаныш пен бақыттың мекені. Біз онда Құдаймен тығыз қарым-қатынастан рақатқа кенелеміз. Бұл орын - адамның тәни тілектері қанағат табатын орын ғана емес, ол тазалық пен киеліліктің тұнып тұрған мекені.

Ал енді сізге шешім қабылдау қажет, оны дәл қазір істеген жөн. Сіз Құдай Патшалығын, пейішті немесе тозақты таңдауыңыз керек.

Жер бетінде қанша уақыт өмір сүретініңіз сізге беймәлім. Егер бірер минуттан кейін өліп кетсеңіз, қайда барасыз? Құдай Патшалығына ма, әлде тозаққа ма? Барлығы да сіздің Құдайға бет бұрып, күнәларыңыз үшін кешірім сұрағаныңызға байланысты.

Қадамдарыңызды тозаққа қарай бағыттамаңыз! Өзіңізге Құдай Патшалығына апаратын жолды қамтамасыз етіңіз. Өз өміріңізді Иеміз Мәсіх Исаға бағыштаңыз!

ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ!

Тек ЖАЛҒЫЗ ғана Құдай бар және Құдай Патшалығына апаратын ЖАЛҒЫЗ ғана жол бар. Бұл қандай жол және оған қалай жетуге болады?

Мінажат арқылы ма? — Жоқ!

Игі істер арқылы ма? — Жоқ!

Ақша төлеу арқылы ма? — Жоқ!

Өзіміздің ең жақсы талпыныстарыңызбен бе? — Тағы да жоқ!

Ендеше көкке — Құдай Патшалығына апаратын жол қандай және сол жолға қалай түсуге болады?

ИЕМІЗ МӘСІХ ИСА: «МЕН — ЖОЛМЫН», деді. Ол жалғыз жол ма? Иә. Ол — Құдай Патшалығына апаратын жалғыз жол. Адамдардың әдеттегідей көсемдерінің бірде-біреуі бізге көкке, Құдай Патшалығына апаратын тиісті жолды көрсетпеді. ТЕК Мәсіх Иса ғана бізге Құдай Патшалығына апаратын ЖАЛҒЫЗ жолды көрсетті. Ол — нағыз шынайы жол. Егер біз Мәсіх Исаның соңынан ермесек, Құдай Патшалығына бара алмаймыз.

Сіздің алдыңызда таңдау тұр. Сіз мәңгілік өмірге және жұмаққа жетелейтін жолға түсе аласыз немесе мәңгі өлім мен тозаққа апаратын жолмен жүре аласыз.

Құдай сіздің мәңгілік өмірдің жолын таңдағаныңызды қалайды. Ал шайтан сіздің ажалға, мәңгі өлімге апаратын жолды таңдағаныңызды қалайды. Сізде таңдау еркі бар болғандықтан, мәңгілікті қай жерде өткізуді өзіңіз таңдай аласыз. Сізге осы таңдауды бүгін жасау керек. Егер сіз Иеміз Мәсіх Исаға бағышталмаған болсаңыз, онда тозаққа апаратын жолда тұрсыз. Егер сіз бүгін Иеміз Мәсіх Исаны таңдамасаңыз, онда өлімге апаратын жолмен әрі қарай жүре беріп, тозаққа барасыз. Шешім қабылдасаңыз, сіз мәңгі өлімді таңдайсыз. Ертең таңдау жасауға тым кеш болуы мүмкін.

Сіздің жер бетінен кетіп қалуыңыз мүмкін.
«Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні,
міне, бүгін!».

Иеміз Мәсіх Иса сіздің орныңызды басып күнәларыңыз үшін айқыш ағашта өлді. Ол сізге тиісті жазаны Өзіне алды: «Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. ... Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық. Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты».

Сіз өзіңіз үшін Өлгенді қабылдап, Құдайға: «Мен — күнәкармын және мәңгілік жазаға лайықпын. Бірақ, мен Исаның менің күнәм үшін өлгеніне сенемін және Оны өзімнің Құтқарушым ретінде қабылдаймын. Мен қазірден бастап Ол үшін өмір сүруге тырысатын боламын», деп айтуыңыз керек.

ЖАЛҒЫЗ ҚҰДАЙ — ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ! Иә, тек жалғыз ғана ШЫНАЙЫ Құдай. Барлық басқа құдайлар — жалған.

Тек жалғыз ғана жол ШЫНАЙЫ. Қалғандарының бәрі — жалған.

Өзіңізді Мәсіх Исаға сеніп тапсырыңыз, сонда сіз көкке — Құдай патшалығына апаратын жолға түсесіз. Иса: «... ал Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін», деді.